

лып дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін сыйлайтын, басқаға өзін таныта, сыйлата алатын рухани дүниесі бай, білімді, білікті болуы шарт.

Қазіргі заманда оқыған зиялы азаматтардың бірнеше тілде сөйлеуі Қазақстанның болашағынан елес беріп тұрғандай. Бүгінде оқушыларымыз, студенттеріміз үш тілде еркін сөйлеп, әр түрлі сайыстарды үш тілде өткізе алатын деңгейге жетті. Сол жас өскіннің өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, тереңде жатқан талап – тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру – бүгінгі мұғалімнің басты мақсаты. Бұл мақсаттың орындалуы үшін оқыту мазмұнының жаңартылуы, әдіс- тәсілдің озығы өмірге келуі, ол тәсілдер әрбір оқушының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтын болып ұйымдастырылуы қажет.

Көптілділік заман талабына айналып отырған кезеңде ана тілімізді ардақтай отырып, өзге тілдерді білгеніміз әлемдік мәдениетке, өркениетке, білім кеңестігіне еркін кірігіп, болашақта алдыңғы қатардағы бәсекелестікке қабілетті дамыған 50 елдің қатарына енуімізге, жаһандану үрдісінде өмірдің барлық жағынан бәсекелестікке төтеп беруге мүмкіншілігімізді арттырады.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі әрдайым биік болуы керек. Әсіресе, мамандар шет тілін оқытатын еліміздегі оқу орындарының білім беру жүйесінде қазақ тіліне ерекше басымдық беруін қадағалауы керек. Сонда ғана өсіп келе жатқан жас ұрпақ ұлттық құндылығымызбен терең сусындайды. Мемлекеттік тілдің мәртебесін ойлағандар аталған жобаны қолдай отырып, «қазақ тіліндегі ақпараттық кеңістікті кеңейтуге күш салу қажет».

Жалпы айқанда, өз тіліміздің қадір –қасиетін түсініп, мәртебесін көтерейік, Қазақстан кеңістігіндегі үштілділік бұл заман талабы болып отыр. Егер осы үштілділік тиімді жұмыс атқарсын, үштілділік біздің мемлекетіміздің болашағына жұмыс істесін десек, онда үштілділікте басымдылық мемлекеттік тілге берілуі керек. Қалған екі тіл сол мемлекеттік тілмдеен аспай, керісінше, сол мемлекеттік тілдің әрі қарай дамуына қызмет етуде құрал ретінде пайдаланылуы керек.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // «Егемен Қазақстан». – 20 қаңтар 2004.
- 2 Мемлекеттік тіл саясаты – Государственная языковая политика. – Алматы: Аркас, 2005.
- 3 Қазақстан мектебі. – 2011. – №6.

### ХАЛЫҚ БОСТАНДЫҒЫН ЖЫРЛАҒАН АҚЫН

*Алкеева Р.Т.,*

*Дружба орта мектебі, Қостанай қ., Қазақстан*

Исатай қозғалысын поэзияға арқау етіп, сол қимылдың тарихын, мәні мен мақсатын үлкен шеберлік биік шабытпен жырлайтын Махамбет Өтемісұлы 1804 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысының Орда ауданында, Бекетай құмы деген жерде туған. Махамбеттің арғы атасы Құлмәлі. Өтемісте он ұл болған. Олар: Бекмағамбет, Махамбет, Ысмайыл, Досмайыл, Қожахмет (Ахмет), Ұса, Иса, Хасан, Мұса, Ибраһым, Бекмағамбет Жәңгір ханның он екі дуан биінің бірі, ол Исатай қимылына қарсы болған. Ахмет пен Ысмайыл 1838 жылдың 12 тамыз күні соғыста қолға түсіп, жер айдалады. Өтемістің өзге ұлдары кедей, момын шаруалар болған. Бойы 2 метр, 5 см болған Махамбет Исатайдан соңғы беріштің (байұлы) ірі батыры.

Махамбет жасында Жәңгір ханның сарайында, оның Зұлқарнайын атты баласымен бірге өседі. Зұлқарнайын Орынборда оқып жүргенде Махамбет те оның қасында болған. Жәңгірдің қара қазақ баласы Махамбетті өз ұлының жанында ұстауы тегін емес. Махамбет бала күнінен бастап өлең-жыр мен домбыраға әуес, дарынды жырау болған. Халық ортасынан

шыққан ақын кейін көтеріліске де белсенді түрде қатысады. Тас жарып шыққан бұлақтай, ойды тыңнан тудырып айтатын от ауызды, орақ тілді Бұқардан соңғы жеке авторлығы бар толғау ақыны осы Махамбет болды. Сонымен бірге Махамбет Исатай қозғалысының екінші көсемі, беріштің көрнекті батыры. Батырлық оның туысында ғана емес, ой-ұзданында да бар. Жасында ол батырлық жырларының мөлдір бұлағынан сусындап, өзінің тағдырын халықпен ерте бірлестіреді. «Еменнің түбі сары бал» дейтін толғауында ақын:

Хан-төренің кешігіп,  
Кідірмегі елден-ді.  
Батыр болмақ ойдан-ды  
Айғайласып жауға ти  
Тәңірім білер, жігіттер,  
Ажалымыз қайдан-ды, –

дейді.

Ақынның пікірінше, батыр болу – ой-санадан, ал хандардың жолында қазылған ор – халық болып шығады. Оның романтикасы – халық эпосындағы батырлар үлгісі болды. «Ұл ту-са», «Неткен ер», «Айныман» дейтін өлеңдерінен мұны айқын байқауға болады.

Кейбір мағлұматтарға қарағанда, Махамбет халықтың азаттық күресіне Исатайдан бұрын ден қоя бастаған. Мысалы, 1829 жылы Жайықтың бергі бетіне өткен шаруалар шекара әскерімен шайқасып, кішігірім бүліншілік туады, оны Махамбет басқарған. Бұл бүліншілікті әскери қолбасшы Бородин басқан соң, ол үш жылға жер айдалады. Айдаудан келген Махамбетті тізгіндеп ұстау үшін 1834 жылы Жәңгір оны старшын сайлайды. Бірақ хан салығын жинаушы Қарауыл қожаға күш көрсеткені үшін Жәңгір оны 1836 жылы істен қуады. Содан бастап Махамбет Исатай қасында болып, ханнан кек алу, талан-таражға ем, елге теңдік іздеу шарасында болады. «Аламанға жел берген» ақын сол жылдан бастап елді күреске шақырады. Қозғалыс туған күннен бастап өзі сол көтерілістің бел ортасында болады. 1837 жылдың күзінде Исатай қолы хан ордасын қамағанда Жәңгір елші жұмсап, оларды он күнге тоқтатады. Мұнысы – алдау, әскердің келуін күту болатын. Осы тұста Махамбет келісімге қарсы болады. 1838 жылғы соғыста Махамбет Исатайдың қасында болған. Бұдан соң Хиуа жеріне кетіп, 1839 жылы Жайықтың бергі бетінде жасырынып жүреді. 1840 жылы беріштің старшыны Ақтайдың 35 жылқысын шауып алады. Губернатор мен Баймағамбет сұлтан сол жылы Сайдалин, Тәуке төрелерді жұмсап, оны ұстау қамына кіріседі. Өйкені Махамбеттің елді тағы да күреске шақырып жүргені анықталады. Хан тыңшысы Мұртаза сұлтан 1841 жылдың 4 наурызында Махамбеттің Ембі бойында жүргенін хабарлайды. Баймағамбет оған 40 кісі жіберіп, Тілековтің үйінен ұстап алып кетеді. Бұл 1841 жылдың 17 наурыз шамасы. Махамбеттің ісі сотқа түскенде, ол өзінің көтеріліске қатысқанын мойындамайды. Сотта хорунжий Шустиков Махамбетті ақтай сөйлейді. Өйткені ол қолға түскен Шустиковты Исатай қолынан босатуға себепші болған екен. Тыныштық тілеу мақсатында Махамбет ақталады. 1841 – 1845 жылдар арасында Махамбет Назар, Шүрен ішінде, хан жерінен шет жүреді. 1845 жылдың күзінде өзінің баласы Нұрсұлтанды оқуға беруге Орынборға келгенде, Махамбет қайта тергеледі. Алаша руының билері оның сыртынан қаралаушы протокол жасап береді. Баймағамбет болса: «Махамбет әлі де болса қауіпті, соңында қашқындар бар, сотталсын, болмаса жерімнен аулақ жүрсін» деген. Бұдан соң ол Каспий жағалығында жалғыз үй отыратын болған. Осы кезде оның үйіне Ықылас Төлепов жиі барып жүреді. Ол тыңшы болып шығады. 1845 жылдың қазан айында ойда жоқ жерден Махамбет ауылына Ықылас Төлепов, Мұса Нұралиев, Жүсіп Өтеулиевтер бастаған жасақ барады. Махамбет Төрежан Тұрымов дейтін ақынды атып, оғы тимей кетеді. Ықылас «соғыспаймыз» деп үйге кіріп, дауласа бастайды. Сол кезде сырттан кірген Жүсіп Өтеулиев Махамбеттің басын шауыш тастайды.

Махамбет жырлары Исатай қозғалысының поэзиядағы шежіресіне айналған. Қазақ әдебиетінде Исатай қозғалысы сияқты поэзияға мол түскен қимыл сирек.

Махамбет өлеңдерінің айтылған мерзімі түгелдей анық емес. Бірақ көпшілігі көтеріліс үстінде, Исатай қозғалысының ізімен айтылғанын тану қиын емес. Мысалы, «Ереуіл атқа ер

салмай» деген өлеңі 1837 жылдың 12 желтоқсанында Исатай қолы Гекке әскерінен жеңіліс тауып, боранды түнде далада түнеген күні айтылған. «Беркініп садақ асынбай» атты өлеңі 1837 жылғы соғыстың алдында айтылған болуға тиіс. Махамбеттің бұдан басқа сөздері 1838 жылғы соғыстан соң айтылған (1838–1845). «Соғыс» атты өлеңі 1837 жылдың желтоқсанында Бекетай құмында болған шайқасты суреттейді. Өлеңнің аяғындағы: «Қызғыштай болған есіл ер, қайран да жұрттан не көрді» деген жолдарға қарағанда, бұл да кейін жырланған. Өйткені сөз аңғарынан Исатайдың өлгені байқалады. Ақынның Баймағамбетке айтқан толғауы 1841 жылдың 17 наурызында Махамбет Ембі бойынан ұсталып, аға сұлтан алдына барғанда айтылуға тиіс. Кейбір деректерде бұл өлеңнің алғашқы тармақтары Мұрат ақынның шығармасына телінеді. Бірақ кейінгі жолдардан Махамбеттің оқиғаларды дәлдікпен айтқан ойларын аңғару қиын емес. Қ. Жұмалиев бұл ерекшелікті жақсы ескерген.

Махамбет жырларының негізгі тақырыбын біз әдетте «Исатай қозғалысы» дей саламыз. Махамбеттің Исатай қозғалысын, соның көсемі Исатай бейнесін басым жырлағаны рас. Сонымен қатар Махамбет жырларының үлкен тақырыбы – халық, шаруа, солардың феодалдық-хандық құрылыс тепкісінен құтылуға бағытталған бостандығы мен арманы болған еді. Бұл белгіден Махамбет поэзиясының тағы бір қосымша тақырыбы келіп шығады. Ол – орта ғасырлық құрылыс болып келген феодализмді, хандық тәртіпті, соның барлық салт-санасын сынау, әшкерелеу. Исатай қозғалысы Бөкей хандығының іргесін қарулы күрес нәтижесінде шайқалтса, Махамбет поэзиясы Батыс Қазақстандағы хандық құрылысты идеологиялық жағынан күйретіп шықты. Осы себепті біз Махамбет поэзиясын ХІХ ғасырдың бірінші жартысында халықтық мазмұнда туған әдебиеттің тұңғыш үлгісі болды дейміз. Ол Бөкей ордасындағы сарай поэзиясына қарама-қарсы туған әдебиет болды. Осыдан Махамбет поэзиясының екі түрлі сипаты көзге айрықша түседі. Халық бостандығын жырлағанда, Махамбет көбіне романтизм стилінде көрінетін сарындамалы, асқақ, семсерлі поэзияның ақыны болды. Халық қимылын, Исатай бейнесін ол толғау жырына тән прогресті романтизм стилінде айрықша әсірелеп, романтикалап жырлайды. Ал хандық құрылысқа келгенде, ол сатирик болып көрінеді. Халық пен хандар дүниесін Махамбеттей өткір шендестірген поэзия қазақта оған дейін болған емес.

Махамбет жырындағы Исатай бейнесі. Өзінің «Ереуіл атқа ер салмай», «Соғыс», «Толғау» дейтін өлеңдерінде Махамбет Исатай қозғалысының ерлеу үстіндегі суретін береді. Онда елді азаттық күресіне үндеу, халық пен батырлар ынтымағын жырлау басым. Көтеріліс жеңіліс тапқан соң, ақын енді Исатай бейнесін, оның халық бостандығы үшін бас берген ерлігін басым жырлайды. Махамбет толғауларында Исатайға соқпай ететін бірде-бір елең жоқ. Соның кейбір үлгілері – «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай», «Тарланым», «Бағаналы терек» сияқты әрі серпінді, әрі мұң мен шерге толы өлеңдер. Бір ғажап жері – Исатай өліп, шаруалық қимыл жеңіліс тапса да, Махамбет күрес бітті деп сары уайымшылдыққа салынбайды. Қайта қанасына сыймай бұлқынып, ерттей қаулаған қажырлы жырларды үдете түседі. Бір жағынан, Исатай бейнесін аспанға көтере жырласа, екінші жағынан, хандарға деген халық кегін сатира стилінде өрбітеді. Махамбет шабытының айрықша ербіген кезеңі де осы тұс болатын.

Махамбет өлеңдерінің құрылысы. Махамбет өлең мазмұнын өмірден алса, формасы тұсында (өлшеуі мен тілі) халық поэзиясына жүгінді. Оның елеңдері көбіне 7–8 буындық жыр өлшеуімен айтылған. Жыр – екпінді, жүрдек өлең. Қимыл мен іс-әрекетті, соғыс суреттерін, адамның түрліше ой-сезімдерін (ашу, қайғы, қоштасу) көрсетуде жыр қара өлеңнен жеңіл әрі әсерлі болған. Ұйқасы, ырғағы ат шабысына келеді. Осыған жырдың ішкі дыбыстық ұйқастарының үндесіп келуін қосар болсақ, бұл өлшеудің өте әсерлі болғанын байқаймыз. Жырда поэзия – музыка – орындаушылық өнер бірлеседі. Сол үш өнердің шебері – жырау. Жырда ұзақтан ұйқасатын жолдар көп болады да, ақын еркіндеу айтады. Мұндай жолдардың олқысын сез, дыбыс қайталауы нәрлеп жібереді (мұнар да, мұнар, мұнар күн, бұлттан шыққан шұбар күн). Бұл эпостан алынған үлгі (бұлғыр, бұлғыр, бұлғыр тау). Жыр ассонанс, аллитерацияға бай.

Шаруалар мүддесін, өткір реалдық мәселелерді жырлау үшін ол кезде Махамбеттің жыр өлшеуінде жырлауы аса қажет болды. Ондай өлеңді жаттау, домбыраға қосып айту да жеңіл болған. Исатай өлген соң Махамбеттің өзі де ел ішінде қара демей, хан демей толғау айтуды үрдіс еткен. Хиуа, Назар, Шүрен ортасында жүргенде Исатай мен Махамбеттің кезік-кеген тобы қалмаған. Махамбет Исатай қозғалысының жаршысы ғана емес, кемел жыршысы да болған.

Қ. Жұмалиев Махамбет жырларында: а) шұбыртпалы ұйқас («Беркініп садақ асынбай»); ә) кезек ұйқас («Аспандағы бозторғай»); б) ерікті ұйқас («Алты күндей алаулап») болды деп көрсетеді. Кейде ұйқас 7 немесе 8–9 буынға бітеді. Алғашқы ұйқас 19 жолмен бітсе, алдыңғы 18 жол екі түрлі ұйқасқа құрылған. Қемкермесі - бір ғана жол. Бұл өлеңнің әсерін күшейтуден туған. «Соғыс» көбіне 7–8 буынмен біткен. Ұйқасы ұзап кетпес үшін ақын әрбір 5–10 жолды бір шумақ етеді. Бұл тәсіл бұрын болса да, Махамбет поэзиясында жаңа қырынан көрінген. Тілі Махамбет поэзиясы лексика мен ақындық тілі жағынан да талдауды қажет етеді. Лексика жағынан оның тілінде: а) халықтың сол кездегі сөйлеу тілінің, ә) эпос тілінің, б) Бұқар стилінің таңбалары бар. Кейде архаизм, кітаби тіл, мақал сөздердің де үлгісі кездесіп отырады. Ақындық тіл (троп), синтаксис (фигура) жағынан келгенде, Махамбет поэзиясында эпос үлгісі басым. Оның поэзиясындағы асқақ метафора, эпитет, теңеу, әсірелеу күнделікті, дағдылы сөйлеу тілінде кездесе бермеген. Сонда ақын поэзия мазмұнын бұқара тілегіне бейімдей отырып, өзінің тілін әдеби стильде жырлауға тырысқан, мейлінше байытып, жаңартқан, безендірген болып шығады. Махамбет әрбір өлеңнің рухына, идеясына сай оның тілін де түрлендіріп отырады. Асқақ романтизмге немесе риторикалық сұрауға құрылған өлеңдердің тілінде шендескен биік метафора, теңеу, эпитет, әсірелеу басым. Элегия тілі мұңшер рухын береді. Махамбет пейзаждарының өзі де риторикалық-романтикалық стильде, қоныстың типтік көрінісі емес, көлденең мағынасында жырланады.

Қоғалы көлдер, құм сулар

Кімдерге қоныс болмаған?

Саздауға біткен құба тал

кімдерге сайғақ болмаған?

Басына жібек байлаған

Арулар кімнен қалмаған?

Құландар ішпес бұршақ қақ

Кімдерге шербет болмаған? – деген – монолог.

Поэзияда ұйқас (сөз) үндестігінен басқа ішкі дыбыс үндестігі де болады. Мысалы, «Белес, белес бел еді, белден кешкен ел еді» деген ұйқастың бірінші жолында «б» мен «л» үш рет, «е» дыбысы алты рет қайталанып тұр. Мұны өлеңнің ішкі үндестігі, дәлірек айтқанда, ассонанс (дауысты дыбыстардың қайталануы) және аллитерация (дауыссыз дыбыстардың қайталануы) дейміз. Дәл осы белгілер Махамбет поэзиясында да кездеседі:

Мен, мен едім, мен едім,

Мен Нарында жүргенде,

Еңіреп жүрген ер едім, – деген жерде «мен» сөзі бірнеше рет қайталанған.

Мұны фигура дейміз. Ал ақындық тіл жағынан бұл – метафора. Осындағы дыбыс элементтеріне келсек, бірінші жолда «м» мен «е» бес рет, екінші жолда «н» төрт рет қайталанып тұрғанын көреміз. Бұл ассонанс пен аллитерация көрінісі.

Поэзияның көркемдік құралдарына сөйлем (фигура), троп (ақындық тіл), дыбыс жағынан да келуге болады. Ассонанс пен аллитерация Махамбет поэзиясында мол. Троп пен фигура образ тоқыса, әрбір сөз сайын қайталанған дыбыстар өлеңнің әуезділігін, сұлулығын арттырады. Сөз құлаққа жайлы, тілге жұмсақ болып келеді. Өлең өлшеуін, ұйқасын және тілін талдағанда, оның Махамбет поэзиясындағы секілді дыбыс үндестігіне де назар салу қажет.

Сонымен, Махамбеттің мұрасы Исатай Тайманов бастаған шаруалар көтерілісін суреттеуге құрылған өршіл де көркем поэзия дейміз. Ол өзіне дейін халық дәстүрі мен Бұқар сти-

лін одан әрі дамытып, романтизм рухындағы толғау поэзиясын жаңғыртты. Сол себепті Махамбет поэзиясының ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінен алатын орны айрықша елеулі.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – А.: «Ана тілі», 1993. – 320 б.
- 2 Мырзағалиева К. Махамбет Өтемісұлы өлеңдеріндегі көркем шындық мәселесі. – Қостанай, 2005. – 141 б.
- 3 Тасмағамбетов И. Махамбеттің жыр жебесі. – Алматы, 2003.
- 4 Жұмалиев Қ. Егеулі найза. – Алматы, 1979. – 188 б.

### О ПОЛИФУНКЦИОНАЛЬНОСТИ ПЕЙЗАЖНЫХ ОПИСАНИЙ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ

*Алпыспаева З.Т.,*

*Қостанайский государственный университет им. А. Байтұрсынова, Қазақстан*

Изучение законов построения художественного текста и особенностей отображения в нём окружающего мира в его художественном осмыслении продолжает оставаться одним из важных вопросов лингвистики текста. В этом отношении большое значение приобретает рассмотрение такого явления, как литературно-художественное пейзажное описание, так как его изучение содействует решению вопросов текстопостроения в едином комплексе. Строение любого художественного текста имеет иерархический характер, то есть текст как целое состоит из отдельных, определённым образом взаимосвязанных, смысловых и композиционных частей. Если говорить об иерархических отношениях в структуре текста, то в таких отношениях находятся функциональные типы текстов – повествование, описание, рассуждение. Использование названных функциональных типов текстов, в том числе и пейзажных описаний, служит «повествовательному контексту», созданию семантики и структуры текстов, выражению его идейно-эстетического содержания, выполнению текстом коммуникативного задания /1, 121/.

Традиционно под пейзажем понимается изображение природы, но это не совсем точно, что подчеркивает сама этимология (фр. paysage, от pays – страна, местность), и это, к сожалению, редко учитывается в определенных понятиях. Пейзаж, как справедливо указывает Л.Г. Бабенко, это описание любого незамкнутого пространства внешнего мира. /2, 47/. За исключением так называемого дикого пейзажа, описания природы, пейзаж обычно вбирает в себя образы вещей, созданных человеком, и его понятие тесно связано с образами чувственного восприятия:

1. Зрительные образы дают представление о характере материальности природной картины: о строении формы каждого элемента, его пластике, величине, фактурности, цвете, свете, размещении форм в трехмерном пространстве, световоздушной призме восприятия; зрительные образы более, чем другие, отражают особенности метода, направления и стиля изображения природной среды.

2. Слуховые образы (звуки или их отсутствие) особенно развиты в реалистическом искусстве, в том числе в произведениях писателей-исследователей природы; акустика – важная часть художественного мира.

3. Обонятельные, вкусовые образы, отражение запахов помогают писателю воссоздать полноту материального образа и широко используются в художественных текстах для концептуализации действительности как средство изображения физиологической наглядности, чувственности и документальности картины. Интерес к ароматам, пришедший с Востока, особенно характерен для писателей-символистов.

Пейзаж как один из содержательных элементов литературного произведения выполняет многие функции в зависимости от стиля автора, литературного направления (течения), с ко-